



АМӨЗ алғашқы тоқсанды үздік көрсеткішпен аяқтады

Атырау мұнай өңдеу зауыты 2025 жылдың бірінші тоқсанын жақсы өндірістік көрсеткіштермен қортындылады. Кәсіпорын 3 айдың ішінде мұнай өнімдерін жоспарланған мөлшерден артығымен орындап, үздік нәтиже көрсетті.

Жалпы көлемі бойынша ашық түсті мұнай өнімдерінің үлесі 108%, яғни 75,8% (жоспар бойынша – 70,1%); өңдеу тереңдігі – 105%, яғни 88,4% (жоспар бойынша – 84,0%).

Автобензинді өндіру жоспар бойынша 527,083 мың тоннаны құраса, 3 айда нақты 549,195 мың тонна өңделіп, 104%-ға орындалды. Дизель отыны да дәл осындай көрсеткішке ие болып отыр. Нақтырақ айтқанда, 396,364 мың тонна дизель отыны өңделді. Жоспар бойынша 382,378 мың тоннаны құраған еді. Авиатотынын өңдеу бойынша да жақсы көрсеткіштер бар. Жоспарланған

46,779 мың тонна авиатотынын 49,352 мың тонна өңдеу арқылы жоспарды 105%-ға артығымен орындалды. Бензол өндірісінің жоспары 156%-ға, күйдірілген кокс өндірісін 143%-ға, сұйылтылған газ 114%-ға орындалды. Технологиялық отынды тұтыну мен мұнай өнімдерінің шығынын азайту 109%-ды құрады.

2024 жылы АМӨЗ зауыт тарихындағы ең көп 5 млн 546 мың тонна мұнай мөлшерін өңдеді. Осылайша, энергетика министрлігінің жоспары 108%-ға орындалған еді.

**Защита прав работников
и социальная поддержка**



**Мұнай өңдеуші
тұңғыш қазақ қызы**

ЦЕХКОМЫ

Защита прав работников и социальная поддержка

Движение цеховых комитетов на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе имеет долгую историю, неразрывно связанную с развитием профсоюзного движения и защитой прав работников. Благодаря усилиям цеховых комитетов обеспечивается контроль за соблюдением трудового законодательства, участие в коллективных переговорах, организация социальной поддержки, а также проведение культурно-массовых мероприятий.

Роль и задачи цехкомов

Основные обязанности цехкомов включают защиту интересов работников и отстаивание их прав перед работодателем; участие в коллективных переговорах и внесение предложений в коллективный договор; контроль за соблюдением норм охраны труда и условий труда; содействие в решении вопросов заработной платы, социальных гарантий и медицинского обслуживания; координацию работы с администрацией завода и профсоюзной организацией.

Одной из ключевых задач является баланс между интересами работников и возможностями работодателя, что требует постоянного поиска компромиссов и эффективного диалога.

Социальная поддержка работников

Цеховые комитеты через администрацию завода и профсоюзный комитет АНПЗ отстаивают интересы работников.

По словам **лидера цехкома ПИТН Раи Сегизбаевой**, важным достижением её цеха стало включение оплаты санаторно-курортного лечения в коллективный договор. Этот вопрос поднимался на протяжении 3-4 лет, и благодаря настойчивости цехового комитета и профсоюза удалось добиться его положительного решения.

Председатель цехкома ПАУ Эльмира Дабысова отмечает, что коллектив их производства, все 184 сотрудника, являются членами профсоюзной организации. Особое внимание уделяется детям работников: ежегодно организуются отдых в летних лагерях, и лидеры цеховых комитетов тщательно следят за тем, чтобы детям были обеспечены комфортные условия проживания, насыщенная программа досуга и качественное питание. В этом вопросе цехкомы тесно сотрудничают с отделом и департаментом управления персоналом.

Также важную роль играет поддержка сотрудников в сложных жизненных ситуациях. По словам **председателя цехкома ПТИЭЭ Айнагуль Алекешовой**, помощь оказывается многодетным семьям, сотрудникам, столкнувшимся с тяжелыми финансовыми проблемами или утратами. К примеру, сотруднику, оставшемуся с пятью внуками после смерти сына, ежегодно оказывают помощь в подготовке детей к

процессу и процедурам от ситуации до помощи остается за кадром, хотя требует колоссальных усилий.

— *Лидер цехового комитета — это социальный адвокат работников. Как только одна проблема решается, тут же начинается работа над следующей,* — подчеркивает Алекешова.



Председатели цеховых комитетов

Цех водопотребления: Асель Дюсегалиева, 59-638
ИЦ ЦЗЛ: Айгуль Губайдуллина, 58-129, 59-027
Электроцех: Кристина Черенкова, 58-176
ПАУ: Эльмира Дабысова, 59-392
ПТИЭЭ: Айнагуль Алекешова, 59-954
РМЦ: Любовь Кокорева, 59-272
КИПиА: Борис Бердинских, 59-562
ПГП: Бауржан Бисенов
ПКиС: Наталья Кабанкина, 59-485
ППНГО: Айнаш Жумабаева, 59-415
ЦОСиПромК: Нурлан Тауманов
ПИТН и ПНН: Рая Сегизбаева, 59-660
Заводоуправление и ЦА: Татьяна Калентьева, 59-267
ПГПН: Данияр Черкешбаев, 59-949
ТОО «Семсер-Өрт сендіруші», пожарная часть №14: Балкия Мухитова, 59-304

школе; работнику, чей 6-летний сын заболел раком головного мозга, профсоюз выделил средства на лечение и реабилитацию в клинике Волгограда; во время пандемии профсоюз помог восстановить жилье сотрудника, чья квартира пострадала в результате пожара. Цехком всегда оперативно реагирует на подобные ситуации, стремясь оказать максимальную помощь и поддержку работникам. Но весь

Культурно-массовая и общественная деятельность

Цеховые комитеты не только защищают права работников, но и активно участвуют в организации общественной жизни завода.

— В 1992 году я пришла на завод и практически сразу стала членом цехкома. Частое участие принимала в мероприятиях завода, была вовлечена в его активную жизнь. Позднее переняла эстафету у ушедшей на заслуженный отдых Акбобек Гильмановой, и уже 6 лет я лидер цехового комитета. Раньше нам было сложнее, ведь организация любого мероприятия ложилась на плечи цехкомов: организовать, закупить, раздать, спеть, спланировать решение насущных вопросов работника. Сейчас есть молодежное крыло, они берут часть функций по организации развлекательных мероприятий на себя. Плотнее мы, председатели цеховых комитетов, работаем с отделом управления персоналом — решаем вопросы с организацией подарков к определенным датам, проведением мероприятий, детским отдыхом, — рассказывает **Татьяна Калентьева, лидер цехового комитета заводууправления**. — Мы входим в состав бракеражной комиссии и контролируем закладку продуктов при их приготовлении, технологию приготовления блюд в соответствии с технологическими картами, сроки годности каждой партии готовых рационов, даём рекомендации и

даже участвуем в составлении здорового меню для работников завода.

У лидеров цеховых комитетов есть чат, в котором состоят все 14 председателей. В нем цехкомы делятся актуальной информацией и собственным опытом, обсуждают пути решения насущных и наиболее сложных вопросов помощи работникам.

— Да, мы отталкиваемся от планов профкома и отдела управления персоналом. Но если вопросы касаются прав и защиты отдельных работников, коллективов производств и всего завода, мы отстаиваем их, убеждаем руководство завода и профсоюзный комитет, а при необходимости требуем соблюдения прав заводчан.

Такая работа не только создает благоприятную атмосферу в коллективе, но и формирует сплоченный, активный рабочий коллектив, — считают лидеры цеховых комитетов.

Как и с какой проблемой можно обратиться к председателю цехового комитета

Если работник завода попал в тяжелую жизненную ситуацию, он может поставить об этом в известность лидера своего цехового комитета, также необходимо предоставить подтверждающие документы. Если просьба о помощи обоснована и принята к рассмотрению, то работника известят и попросят написать заявление о выделении материальных средств. Затем заявление будет рассмотрено на заседании профсоюзной организации АНПЗ, о результатах которого заявителю сообщат.

Напомним, что коллективным договором предусмотрена материальная помощь каждому нуждающемуся действующему сотруднику завода, а также работникам, вышедшим на заслуженный отдых.

Будущее цехкомов: развитие и новые цели

Среди ключевых целей на будущее цеховые комитеты выделяют: повышение эффективности работы и усиление профсоюзного движения; расширение социальной поддержки сотрудников; улучшение условий труда; повышение правовой грамотности работников.

Деятельность цеховых комитетов Атырауского НПЗ показывает, что профсоюз — это не просто формальная организация, а реальный механизм защиты и поддержки работников. Благодаря сплоченной работе лидеров и активному участию коллектива, удается добиваться значительных улучшений в социальной и трудовой сфере. Единство работников — это основа силы профсоюзного движения, и именно это позволяет добиваться положительных изменений.

НАЗНАЧЕНИЕ

Приказом №53-к от 3.03.2025 года начальником отдела бюджетного и экономического планирования назначен **Джанглишов Самат Бауыржанович**.
Дата рождения: 07.03.1979.



Образование: Атырауский институт нефти и газа, 1999 г.; специальность: экономика и менеджмент в отрасли.

Профессиональная деятельность с 1999 по 2025 год: департамент агентства РК по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и поддержке малого бизнеса: ведущий специалист; АО «Народный банк»: контролер-кассир; ведущий специалист; ТШО: бухгалтер финансового контроля, бухгалтер, начальник группы Horizons и Pathways; Халлибуртон Интернэшнл Инк: бухгалтер, старший бухгалтер, ведущий бухгалтер; АО «КазТрансОйл»: ведущий экономист; СП ТОО «АГС Чемпион»: специалист; ТОО «Фиркрофт Инжиниринг Сервисиз Лимитед Казахстан»: супервайзер; АНПЗ, департамент экономики и финансов, отдел бюджетного и экономического планирования: ведущий экономист, заместитель начальника отдела по консолидации.

Приказом №58-к от 12.03.2025 года директором департамента по управлению ТОО производственных активов назначен **Серикбаев Ануар Кудайбергенович**.
Дата рождения: 10.04.1992 г.



Образование: Павлодарский химико-механический колледж, 2012 г., техник-механик; Павлодарский государственный университет, 2015 г., 2018 г., бакалавр техники и технологии; магистр техники и технологии.

Профессиональная деятельность с 2012 по 2025 год: АО «ПНХЗ»: машинист компрессорных установок, начальник установки газовой компрессорной; АО НК «КазМунайГаз», управления нефтепереработки департамента переработки нефти и нефтехимии: ведущий специалист сектора управления ремонтами и надежностью производственных активов; ТОО «АНПЗ»: департамент по управлению ТОО производственных активов, заместитель директора, и.о. директора департамента.

Приказом №59-к от 12.03.2025 года директором департамента по обеспечению надежности и механической целостности производственных активов заводууправления назначен **Курмангалиев Мурат Сулейменович**.
Дата рождения: 15.10.1991 г.



Образование: АИНИГ, 2013 г., бакалавр химической технологии органических веществ.

Профессиональная деятельность с 2013 по 2025 год: АНПЗ, ППНГО: стажер оператора технологической установки, машинист технологических насосов, оператор блока печей, оператор технологической установки; отдел обеспечения надежности: инженер-механик по динамическому оборудованию; департамент по обеспечению надежности и механической целостности производственных активов: главный специалист по администрированию; отдел обеспечения механической целостности оборудования: начальник отдела.

Приказом №64-к от 17.03.2025 года начальником отдела обеспечения механической целостности оборудования заводууправления назначен **Айжанов Жанабай Асетович**.
Дата рождения: 9.01.1984 г.



Образование: Атырауский политехнический колледж, 2004 г., техник-технолог; Атырауский институт нефти и газа, 2008 г., горный инженер.

Профессиональная деятельность с 2007 по 2025 год: ТОО СП «МГС — СИЧИМ»: техник, инспектор-дефектоскопист; ремонтно-механический цех АНПЗ: дефектоскопист, начальник лаборатории; ТОО Rominserv Kazakhstan: начальник лаборатории; ТОО «Сервисный Центр КазТурбоРемонт»: начальник лаборатории; Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.: ведущий инженер; АНПЗ, отдел обеспечения механической целостности оборудования: ведущий специалист по инспекциям, главный специалист по инспекциям.

ЗАУЫТҚА – 80 ЖЫЛ

Мұнай өңдеуші тұңғыш қазақ қызы



Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдығы аясында кәсіпорын тарихын терең зерттеу жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр. 70 мыңнан астам құжатты қамтитын өндірістік архивте 20 мыңға жуық адамның жеке іс қағазы сақталған. Қазір баспасөз қызметінің мамандары мен архивистер 1944 – 1978 жылдарға тиесілі 9 734 мұрағаттық материалдың 3 736-сын қарап үлгерді. Сарғайған қағаздарды парақтай келе, ерекше көзге түскен есімдердің бірі – Зәуре Құмарова болды. Жан-жақты зерделеу жұмыстары оның өндірістегі тұңғыш қазақ қызы екенін дәлелдеп отыр. Қиындыққа мойымаған қайсар жанның қажырлы еңбегі мен өнегелі өмір жолы бұған дейін жарыққа шықпай тасада қалып келген. Бұл тың тарихи деректерді алғашқылардың бірі болып архивист мамандармен бірге анықтадық. Архивтік зерттеу жұмыстары зауыттың Бас директоры Ғалымжан Жусанбаевтың тапсырмасымен жүзеге асып отыр. Өйткені кәсіпорынның 80 жылдығы – тек жетістіктерді ғана емес, өндіріс тарихындағы елеулі тұлғаларды еске алып, олардың еңбегін ұлықтайтын маңызды белес.



Жиені Қаламқас пен қызы Гуля



Зәуре Құмарова (оң жақтан бірінші отырған)

Сонымен, мұнай өңдеуге атсалысқан тұңғыш қазақ қызы туралы архивтік деректерді сөйлетейік... Зәуре Құмарова 1928 жылы Гурьевке қарасты (қазіргі Атырау) Бақсай ауданы, Таңдай ауылында дүниеге келген. Ол өмірдің ауыр сынақтарына бала кезден тап болған. Әке-анасынан ерте айырылған Зәуре, 1943 жылға дейін жетімдер үйінде тәрбиеленді. Сол жылы Бақсай ауданындағы Жамбыл мектебінің 5-сыныбын аяқтап, Гурьев қаласындағы №9 қолөнер училищесіне оқуға түседі. 1945 жылы аталған білім ордасын тәмамдап, 29 қарашада №441 мұнай өңдеу зауытына жұмысқа қабылданады. Бұл кезде оның жасы 17-де еді...

Зауытта еңбек жолын электр-дәнекерлеуші болып бастап, небәрі бір айдан соң №1 цехқа оператордың көмекшісі ретінде ауыстырылады. Қысқа мерзімде өндіріс үдерісін ұғына білген Зәуре Құмарова, 1947 жылы оператор қызметіне тағайындалды. Техниканың тілін жетік меңгерген маман ретінде 6 разрядқа дейін көтерілген. Еңбексүйгіштігімен, кәсібіне адалдығымен көзге түскен ол тек өндірісте ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенді болды. Зәуре Құмарова зауыттың ұсынысымен 1959 жылы 5 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. Жоғары Кеңесте де ол жалғыз қазақ қызы болған. Бұл – сол кезең үшін ерекше жетістік еді. Мұнай өңдеу зауытында жұмыс істей жүріп, қоғамдық қызметке де белсенді араласқан ол өз заманының көшбасшы әйелдерінің біріне айналды.



Зәуре Құмарованың архивтік жеке іс қағаздарының арасынан өз қолымен жазған өмірбаяны табылды. Онда оның отбасы, жұмыс барысындағы қиындықтары мен жетістіктері егжей-тегжейлі баяндалған.

«1943 жылы Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағының мүшесі атандым. 1948 жылы тұрмысқа шықтым. Жолдасым – Бердихан Кузембаев, 1926 жылы туған. Ол – Ұлы Отан соғысының 2-топ мүгедегі. Ұлым Асқар 1949 жылы, қызым Ботакөз 1951 жылы дүниеге келді. Өзім 1946 жылы 30 минут жұмыста болмағаным үшін істі болдым. Мемлекет пайдасына 3 айға жалақыманнан ақы ұстап қалу туралы шешім шығарылды. 1951 жылы 14 маусымда жоғары кеңестің жарлығымен соттылығым алынып тасталды. Жолдасым №8 цехта

машинист болып қызмет атқарады. Мекен-жайым Тұрғын үй қалашығы Севостополь көшесі 8 үй 5 пәтер.» деп жазған ол.

Атырау облысы бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу басқармасының дерегіне сүйенсек, Зәуре Құмарова төрт баланың анасы атанған. Өмірбаянда жазылған мекен-жайға барып, Зәуре Құмарованың кенже қызы Гуля Бердиханқызын тауып, сұхбаттастық.

«Анам айтушы өді, бала кезімізден өндіріске араласып кеттік деп. Көп техникаға бойымыз жетпейтін. Аяғымыздың астына орындық қойып, 16 сағат бойы тоқтаусыз жұмыс істедік. Бізді ешкім аямайтын. №1 цехта жұмыс істеген кезімізде аптап ыстықтан дем алу мүмкін болмайтын. Соған қарамастан, елге қызмет ету біздің міндетіміз деп санадық дейтін. Бос уақытында қолғап тоқып, керек заттарды тігіп фронтқа жіберетін едік деп айтатын. Көрген фильмдер мен оқыған кітаптарын өңгімелегенді жақсы көретін. Балаларының есімдерін Асқар, Ботакөз, Амантай деп оқыған кітаптарының кейіпкерлеріне сай қойған. Менің есімім неге Гуля деп ренжігенімде, сенің есіміңді кино актрисасы, Сталиград маңында қаза тапқан және аты аңызға айналған ҰОС қатысушысы Гуля Королеваның құрметіне қойдық дейтін. Анам елдің адамы болды. Халықтың тұрмыстық жағдайы көп алаңдататын. Екі ағайынды өді. Інісі де балалар үйінде тәрбиеленіп, кейін ауырып көз жұмған. Анамның жүрегінде інімді қорғап қала алмадым деген үлкен өкініш болды. Сол жағдайды есіне алып көп жылайтын», – деп өткен шақты Гуля апай тебірене еске алды.

ХРОНОЛОГИЯ

AMÖ3 –дегі
егемендік
жылдарындағы
маңызды
кезеңдер

(Продолжение)

2001 жыл

- 4 желтоқсанда «Марубени Корпорейшн» және JGC компанияларымен Атырау МӨЗ-ін толықтай қайта құру туралы келісімшартқа қол қойылды.
- 20 желтоқсанда Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық банкімен несиелік келісімге қол қойылды.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖ3 2 197, 3 мың тонна мұнай өңдеді.

2002 жыл

- Ақпан айында AMÖ3 технологиялық қондырғылары құрылысының іргетасына символдық тасты қою рәсімі өтті.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖ3 2 281, 5 мың тонна мұнай өңдеді.

2003 жыл

- 2003 жылдың 17 наурызында Атырау МӨЗ толықтай қайта құру жөніндегі келісімшарт күшіне енді. Келісімшарттың жалпы соммасы 340 млн. АҚШ долларын құрады.
- 2003 жылғы 10 сәуірде Атырау МӨЗ – де жобаны іске асырумен тікелей айналысатын, салынып жатқан кәсіпорын дирекциясы мамандандырылған бөлімше құрылды.
- 2003 жылдан бастап ҚР аумағында этилденген бензин маркаларының айналымына тыйым салынып, зауыт этилденбеген бензин шығаруға көшті.
- Қараша айында аралас қондырғының бензин секциясының құрылыс алаңында қадаларды қағу басталды.

- Жыл қортындысы бойынша AMÖ3 2 321,1 мың тонна мұнай өңдеді.

2004 жыл

- AMÖ3 AI-96 этилдендірілмеген бензин өндірісі құқығына рұқсат беру – техникалық қортындысына қол жеткізді.

- Келесі нысанда пайдалануға берілді және қайта жаңартылды.

- Жыл қортындысы бойынша AMÖ3 2 912, 1 мың тонна мұнай өңдеді.

2005 жыл

- Атырау МӨЗ салтанатты түрде 60-жылдық мерейтойын атап өтті.

- Жыл қортындысы бойынша AMÖ3 3 513, 8 мың тонна мұнай өңдеді.

Гуля Бердиханқызының айтуынша, оның үлкен ағасы Асқар Башқұртстандағы қазақ диаспорасын басқарған. Ол да анасы сияқты қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, қазақтарды бір шаңырақ астына жинаған.

Бір қызығы, Зәуре Құмарованың немересі Қаламқас Аубекерова да бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауытының орталық зертханасында химиялық талдау лаборанты болып қызмет етеді.

«Мен әжемнің жолын жалғап келемін деп есептеймін. Ол кісінің еңбексүйгіштігі, өз ісіне адалдығы біз үшін үлгі. Әжем туралы әлі күнге дейін зауытта жылы естеліктер айтылады. Ол көптеген жұмысшыларға баспана алып беру, қызметке орналастыру, білім алуына ықпал ету сынды әлеуметтік мәселелерді шешуге көп көмектесті», – дейді Қаламқас.

Өз заманының озық ойлы, қайсар мінезді қызы болған Зәуре Құмарова 1974 жылы денсаулығына байланысты ауыр жұмыстарды атқаруға тыйым салынған соң, 1975 жылы 30 жылдық еңбек өтілімен II топ мүгедегі ретінде жұмыстан босатылды. 2008 жылы 80 жасында өмірден өтті.

Оның есімі қызмет еткен жылдарда бірнеше рет зауыттың Құрмет тақтасына еніп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Мұнай өнеркәсібі министрлігі социалистік жарысының үздігі» төсбелгісімен және Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградталған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің айтулы сьездеріне қатысқан.

Мұнай өңдеушілер Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өтті



«АМӨЗ» ЖШС ұжымы биыл да Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін ерекше көңіл күймен қарсы алды. Кәсіпорынның 80 жылдық мерейтойы мен Жалпыұлттық Наурызнама онкүндігі аясында қызметкерлердің қатысуымен мәдени-спорттық шаралар өтіп, ұжымның бірлігі нығая түсті.

Мерекелік шаралар легі ежелгі дәстүр – Көрісуден басталды. Зауыт аумағында құрылған этноауылда еңбеккерлер бір-бірімен қуана қауышып, аман-саулық тілесті. Ал өндірістік нысандар мен әкімшілік ғимараттар айналасын тазартуға бағытталған экологиялық тимбилдингке 100-ге жуық қызметкер қатысты.

Мұнай өңдеушілер қайырымдылыққа үлес қосты

Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдық мерейтойы мен Наурыз мерекесі аясында персоналды басқару бөлімінің ұйымдастыруымен «Ізгілікке үлес қос» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

Зауыт қызметкерлері этноауыл аумағында тігілген киіз үйлерден қолдан жасалған бұйымдар мен тәттілерді сатып алу арқылы қайырымдылық шарасына атсалысты.

Мұндай игі бастамалар мұнай өңдеушілер үшін таңсық емес. Кәсіпорында осындай қайырымдылық шаралары жиі ұйымдастырылып, қызметкерлер әрдайым игі істердің басы-қасынан табылады.

Жәрмеңкеден 435 000 теңге жиналып, қаражат Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің қызметкері болған, марқұм Молдабаев Асуат Оңайғалиұлының отбасына көмек ретінде аударылды.

Зауыттық мергендер бақ сынасты

Әйелдер арасында: Асель Испаева – Жөндеу-механикалық цехінің жөндеу жұмыстарын жоспарлау жөніндегі жетекші инженері

Әсел Аманязова – Суды тұтыну цехінің аппаратшысы

Мөлдір Амангелдиева – Зауыт басқармасының тотығу жөніндегі инженері

Ерлер арасында: Абылай Ыбырайым – Хош иісті көмірсутектер өндірісінің технологиялық сорғылар машинисі

Арман Аманжұлов – Мұнай өнімдерін құю өндірісінің жол монтері

Жайсанбек Шәріпов – Жобалау-конструкторлық орталығының инженер-конструкторы

АМӨЗ қызметкерлері интеллектуалды ойында бақ сынады

«AMOZIUM Nauryz Edition» классикалық квиз ойыны зауыттың Бірыңғай операторлық ғимаратында ұйымдастырылып, қатысушыларға логика мен интуицияға негізделген түрлі сұрақтар қойылды. Жалпы сайысқа 104 қызметкерден құралған 10 команда қатысты. Олардың қатарында «Интеллект Ума», «Поддай пульт», «Отойти от IT», «ЭЦ», «Аналитики», «ППНГО», «Құрма», «Шаңырақ ПитН», «On cloud pipe» және «Найза» командалары бар.

Тартысты өткен ойында 36 ұпай жинаған «Құрма» командасы жеңіске жетті. 34 ұпаймен «Отойти от IT» командасы екінші орынға ие болса, 28 ұпай жинаған «Поддай пульт» командасы үздік үштікті қорытындылады.

Қазақ күресінен үздіктер анықталды

80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде: Құдайберген Мұхтарұлы – кокс және күкірт өндірісінің технологиялық қондырғы операторы; Сәттібек Калимов – мұнайды терең өңдеу өндірісінің технологиялық қондырғы операторы; Жеңісбек Уразов – тазарту құрылыстары және өнеркәсіптік кәріз цехының аралаушысы

80 келіден жоғары салмақ дәрежесінде: Алдаберген Жарылғасинов – хош иісті көмірсутектер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы; Исламбек Төлеуұлы – жөндеу-механикалық цехының технологиялық қондырғыларын жөндеу жөніндегі слесарі

Берікқали Жолдасов – мұнайды терең өңдеу өндірісінің технологиялық қондырғы операторы.

Асық атудан әйелдер арасында: I орын – Гульсим Айтбаева, суды тұтыну цехінің технологиялық сорғылар машинисі; II орын – Аяна Нсанова, орталық аппараттың қорларды есепке алу жөніндегі бухгалтері; III орын – Алия Диярова, жөндеу – механикалық цехінің инженері.

Асық атудан ерлер арасында: I орын – Азамат Тулеуалиев, жылу және электр энергиясы өндірісінің электр цехінің электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр монтері; II орын – Амирхан Уразбаев, жөндеу – механикалық цехінің жөндеу тобының токарі; III орын – Аманкелді Нұрмұқаш, кокс және күкірт өндірісінің технологиялық қондырғы операторы.

Күш атасын танымас

Ерлер арасында арқан тартудан Мұнайды терең өңдеу өндірісі 1 орынды иеленді. Ал 2 орынды Тазарту құрылыстары және өндірістік кәріз цехі жеңіп алса, жүлделі 3 орынға Жөндеу-механикалық цехі жайғасты.

Өз кезегінде нәзік жандылар да қалыспай ұлттық ойынды насихаттауға ат салысты. Әйелдер арасындағы арқан тартыста Мұнайды өңдеу және терең күкіртсіздендіру өндірісі мен Суды тұтыну цехі 1 орынға ие болды.

Ұлыстың ұлы күнін тойлау аясындағы басты мерекелік шара 20-шы наурызда өтті. АМӨЗ қызметкерлері этноауылға көптеп жиналып, мерекенің мерейін асқақтатты. Дүйім жұрт зауыт өнерпаздары мен жергілікті әртістер өзірлеген концерттік бағдарламаны зор ықыласпен тамашалады. Әсіресе есеп беру бөлімі мамандарының өн шашуы мен жастардың заманауи биі көптің көңілінен шықты.

Мұнай өңдеушілер қала орталығында өткен ұлттық киімдер шеруіне де қатысып, мәдени мұрамыздың маңызын айшықтай түсті.

Мерекелік шара барысында спорттық турнир жүлдегерлері, «Үздік ұлттық киім» номинациясының жеңімпаздары мен зауыттың белсенді жастары марапатталды.

В турнире по шашкам, шахматам и национальной интеллектуальной игре тоғыз кумалак участие приняли работники и пенсионеры завода.

Шахки (женщины): I место – экономист отдела бюджетного и экономического планирования Анар Кумарова; II место – лаборант нефти и нефтепродуктов ЦЗЛ Камила Изтелеуова; III место – инженер ПитН Гульзия Конарбаева.

Шахки (мужчины): I место – пенсионер АНПЗ Ильяс Калмурзиев; II место – плотник РРМЦ Жумагелды Калмагамбетов; III место – машинист технологических насосов цеха очистных сооружений и промканализации Самат Султангалиев.

Шахматы (мужчины): I место – оператор технологической установки ПАУ Тұрар Шаймардаң; II место – пенсионер завода Владимир Вакуров; III место – ведущий инженер по планированию отдела технического сопровождения проектов Ернар Бигалиев.

Тоғыз-кумалак: I место – электромонтер по ремонту электрооборудования электроцеха Артур Далашев; II место – машинист по моторным испытаниям топлива, машинист по моторным испытаниям топлив ЦЗЛ Султанбек Ихсангалиев; III место – машинист технологических насосов цеха очистных сооружений и промканализации Канат Казимұлы.



Поздравляем победителей и благодарим всех участников за проявленный интерес и спортивный дух!